

Қытай Халық Республикасы Төрағасының орынбасары Ху Цзиньтаоның Қазақстан Республикасына 2000 жылғы 27-30 шілдедегі ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 11 шілде N 1056

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы екіжақты ынтымақтастықты нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қытай Халық Республикасы Төрағасының орынбасары Ху Цзиньтаоның зайыбымен Қазақстан Республикасына Астана және Алматы қалаларындағы 2000 жылғы 27-30 шілдедегі ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) қосымшаға сәйкес Қытай Халық Республикасы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру және қызмет көрсету жөнінде қажетті шараларды қолдансын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қытай Халық Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің тұратын және болатын орындарында қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп Қытай Халық Республикасының Төрағасы орынбасарының арнайы ұшағының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін, Астана және Алматы қалаларының әуежайларына қонуын және ұшып шығуын;

Астана және Алматы қалаларының әуежайларында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, тұрақ беруді және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

6. Қосымшаға сәйкес Астана және Алматы қалаларының әкімдері Қытай Халық Республикасының ресми делегациясын күтіп алу және шығарып салу, Астана және Алматы қалаларының әуежайлары мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) 2000

жылға арналған республикалық бюджетте "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен сапарды өткізу шығыстарын қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім

бойынша) Қытай Халық Республикасы ресми делегациясының күзетілетін тұлғаларының қауіпсіздігін қамтамасыз етсін.

9. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

10. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 11 шілдедегі
N 1056 қаулысына
қосымша

Қытай Халық Республикасы ресми делегациясының мүшелерін
орналастыру және қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Қытай Халық Республикасы ресми делегациясының мүшелерін (2+10) Астана қаласында "Интерконтиненталь-Астана" қонақ үйіне, Алматы қаласында мейманханалық павильон мен "Алмалы" қонақ үйі кешеніне, сондай-ақ бірге жүретін адамдарды Астана және Алматы қалаларында орналастыру, тамақтандыру және көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін "Интерконтиненталь-Астана" қонақүйіне, сондай-ақ "Алмалы" мейманханалық павильоны мен "Алмалы" қонақ үйі кешеніне орналастыру.

3. 2000 жылғы 27-30 шілдеде сапарды өткізуге жұмылдырылған адамдар үшін жедел байланыс құралдарын (5 дана) жалға алу.

4. Баспа өнімдерін (бейдждер, автокөліктерге арнайы рұқсаттамалар) дайындау.

5. Делегация басшысы үшін кәдесыйлар мен сыйлық сатып алу.

6. Қытай Халық Республикасының ресми делегациясын Астана және Алматы қалаларының әуежайларында күтіп алу және шығарып салу рәсімдерін техникалық безендіру (VIP-зал, сусындар, шәй, жалаулар, Алматы және Астана қалаларының

әуежайлары мен делегацияның жүретін бағыттары бойынша қазақ және қытай тілдерінде қошамет транспаранттары), сондай-ақ Қытай Халық Республикасы Төрағасының орынбасары Ху Цзиньтаоның Қазақстан Республикасына ресми сапарының бағдарламасына сәйкес ұйымдастыру-протоколдық іс-шараларын дайындауды және өткізуді қамтамасыз

ету.

7. Ел басшылығының атынан Қытай Халық Республикасы Төрағасының орынбасары Ху Цзиньтао мен оның жұбайының құрметіне Астана және Алматы қалаларында ресми түстік және кешкі қонақасы ұйымдастыру.

8. Қытай Халық Республикасы ресми делегациясының мүшелеріне және бірге жүрген адамдарға медициналық қызмет көрсету.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.